

10 сынып оқушылары: АДИАМБЕКОВ ДЕМЕСІН, ҚАЛКЕШОВ ЕРБҰЛАН,
МЫРЗАХАНОВ НҰРТАС

Ғылыми жетекшісі: география пәні мұғалімі

ЧАКАЕВ НУРЖАН САГИДОЛДАНОВИЧ

«Қаратоғай орта мектебі» КММ

КҮРШІМ АУДАНЫ ҚАЛҒҰТЫ ӨңІРІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЫСАНДАРЫ

Шығыс Қазақстан адамзаттың ерте қоныстанған мекені. Табиғаты ғажайып таулы-қыратты, жазық-шөлейтті, өзен-көлдері адам тіршілігіне қолайлы өлке. Оған басты себеп алғашқы адам қоныстанған тұрақтар. Бұқтырма жағалауынан және Қанай маңынан т.б. жерлерден табылған. Одан бергі атақты Берел, Шілікті мәдениеті көптеген өңірлерде кездесетін тастағы жазу, суреттер (петроглифтер) біздің өңірімізде ертерек адам баласының қоныстанған аумағының дәлелдері. Осы аталған Берел, Шілікті қорымдары, Абылайкит, Ақбауыр беріректегі Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, ұлы Абай мекені т.б. ескерткіштері Шығыс Қазақстанға ғана емес бүкіл Қазақстан бойынша киелі жерлер географиясына кіреді.

Енді біздің айтарымыз Күршім ауданы Қалғұты өңірінде де ауыз толтырып айтарлықтай географиялық нысандар, киелі мекендер, табиғат ескерткіштері көптеп кездеседі.

Олар атақты Қиын-Керіш табиғат ескерткіші, Ақбілек мекені, Қозыбай алғашқы адам қонысы, Түйеқұлаған құзы т.б.

1. Қозыбай.

Ежелгі Қазақстан тарихынан кейінгі полеолитте алғашқы адамдар Қазақстан аумағына тарала қоныстанды. Шығыс Қазақстаннан Бұқтырма мен Шүлбі және Күршім ауданындағы Қалғұты өңіріндегі Қозыбай тұрағынан шапқы, екі жағынан өңделген гарпундар табылған. [1], [2]

Қалғұты өңіріндегі таңбалы тас.



Сурет -1



Қалғұты өңіріндегі таңбалы тас.

Сурет -2

2. Тас мөр

1966 жылғы қалың қар еріп Қалғұты өзені тасыған кезде Қаратоғай ауылы жанындағы өзен көпірінің іргесіндегі қолтықта тасқын су еріп, қайырып кеткен құмтасты төбешіктен тас мөрі табылған. Шымыр көк тастан жасалған. Қолға ұстайтын жерінде алтын бау өткізетін тесігі бар. Төменгі бөлігі тік төртбұрышты келген. Табан қабырғасы 1 см 8 мм квадрат формалы. Төңіріндегі қабырға шетіне екі қос ойма сызық жүргізілген. Тас мөр табанында руникалық оймалы таңба жазуы бар. Төрт қайтара айналдырып сияға батырып, қағазға басқанда, руникалық жазулар арасында қызық көріністер пайда болады. Еңкейіп тұрған адамның бас бейнесі, гүл және орақ, бейнелерін аңғаруға болады. Бұдан түсінетініміз, патша алдына келген адамға қандай жаза қолдану керектігін, сондай-ақ келден адамға қандай құрмет көрсету керектігін қағаз бетінде, т.с.с. білдіретін болса керек.

Тас мөрді А.Сейдімбековке тапсырған кезде төрт қайтара айналдырып қағаз бетіне басылған таңбасы бірге берілген еді. Осы хабарды естіген филология ғылымының докторы, профессор Алтай Аманжолов тас мөрдің табан таңбасын суретке түсіріп сол кездегі «Білім және Еңбек» журналында «Ертіс жазу ескерткіштері» деген тақырыпта басылып шықты. Тас мөр табанындағы руникалық жазу көңілдегідей болған екен.

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданынан жазуы бар төрт бұрышты тас мөр табылғандағын Ақаш Жүнісов жолдас хабарлады. Бауға тағылытын тас мөр табанына ойылған таңбалар руникалық жазу болып шықты. Оқылуы: сеч, абын. Қазіргі тілімізде былай деп түсінуге болады: «Таңда, уан!». Демек, «өмірден әр нәрсені таңда да, содан мейірім тап» дегенді меңзейді.

Бұл тас мөр табанындағы таңбалар мен руникалық жазу Алматы қаласы Республика алаңындағы құйма плиталар мен қондырылғыларға көшірілген екен. Алтай Аманжолов сынды түрік танушы оқымыстылардың еңбегі ұшан теңіз екенін осыдан да аңғаруға болады.

Ғалымдардың болжауынша, түркілердің руналық және қашама жазба мәдениеті болған. Тарихшылар руникалық жазу-сызудың жасы 25 ғасырды қамтыйтындығын еске салады.

VI-IX ғасырларда түріктердің өз жазуы болған. Оқымыстылар бір-бірімен жалғаспайтын 38 таңбалар тобынан тұратындығын айқындаған. [3]



Сурет-3

3. Қиын-Керіш

Қиын-Керіш – қызыл топырақты құлама жыралардан, өркештелген адырлар қызғылт сары, ақ, көк және басқада сан түрлі топырақтан мұнаралардан тұратын ерекше шатқал. Аумағы 300 га .

Орналасқан жері – Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының орталығы Күршім-Қалжыр тас жолы бойымен 95-км -дей , Қаратоғай ауылынан оңтүстікке қарай 25-км-дей жерде. Топырағы қызғылт түсі жаздың аптап ыстығында сағымданып, жалын шашып тұрғандай көрінеді, сондықтан «Жалынды жар» деп аталған. Қиын – Керіштің ең басты қазынасы – әр дәуірлер із қалдырған түрлі-түсті қатпарлар, шөгінділер мен бедерлер.

Геологтар бұл жерді табиғат ескерткіші деп санаған. Топырақ құрамы ақ балшықтан тұратындықтан қар, жаңбыр суларынан майша еріп, шатқал манындағы жолдарда көліктер тайғанақтап, батып, жолаушылардың өтуіне қиындықтар келтіреді. “Қиын-Керіш” деп осы жол қиындығына байланысты қойылса керек. Жалпы “ керіш” сөзі түркі тілінде “ тау “, “жота” дегенді білдіреді. Қиын-Керіш – бағзы замандардағы “үшінші мыңжылдық ” деп аталатын дәуірдің, бір кездердегі теңіздер мен бұғаздар көзі. Куәсі десе де болады. Осында аяқ басқан мамандар мен ғалымдар, қызық құмыр әуесқойлар, жақсынын көрмекке құлшынып тұратын қаламгер Кайнозой дәуірінен кейін келген, осыдан 60 миллион жыл бұрынғы үш мыңыншы дәуірде әсер алатыны сөзсіз. Жыл сайын жаз уақытында Еуропадан, Америкадан, Азиядан туристер ағылып келіп жатыр.

4. Ақбілек

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы елдің тыныс-тіршілігіне, жер, кісі аттарына қарап, негізгі әңгіме желісі қазіргі Күршім ауданына қарасты Қалғұты жерінде болғанын аңғартады. Жазушы романындағы уақиға шиеленісінің басталуында: - Сол Алтайдың бөктерінде жам жолменен жандамайлап ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр, бейсауат. Көтегейі –Күршім жақ, бет алысы- Қаракем шаты. Қаракем шаты – жартас, дәл аясы – шұңқыр, көгал.

Мұндағы «Қаракем шаты» деп отырғаны – Қарасеңгір тауындағы қазіргі аталып жүрген Торғай сайы. Дәл аясы – шұңқыр, көгал дегені, осы сайдан шыға келетіндігі қазіргі Қаратоғай ауылы тұрған жер, яғни Қалғұты өзені бойындағы көгалды жазықтық. Романда көрсетілгендей, ала атқа мінген

Мұқаш деген жігіт осы арада тұрақтаған ақтың қашқан әскерлерін қараңғылықты пайдаланып, қызын (Ақбілекті) бермеді деп өштесіп жүрген Мамырбай байдың үйіне бастап алып келеді.


Осы уақиғаға байланысты «Ақбілек» романында:

- Келіп қалды!
- Ол кім?
- Өңшең орыс!

Мамырбай байдың мұршасы:- Жинал,ұмтыл, тығыл!- деуге ғана шамасы келді,-дейді.

Содан былайғы жерде қарбалас, жанталас, кісі өлімі болып, Мамырбай (қазіргі кезде Маубас делінеді) байдың қызы Ақбілекті қашқан ақтың солдаттары алып кетеді. Осы уақиғаға байланысты жер аттары Бөкенбай тауының теріскей беті Терісайрық бойындағы Маубас пен Қарасеңгір баурындағы қазіргі Қаратоғай ауылы тұрған аралықты меңзейді.

Ақбілекке қатысты әңгіме желісінің қағаз бетіндегі схемасы төмендегідей болып шығады:



Амал нешік, болыстыққа қолдары жеткенімен, орысша біледі деген Ахмет, Дәриға, Изеттің Сқағы, Мейраштар 1932-1933 жылдары қалың Қожамбеттіктер мен Ақнаймандар «арғыбетке», яғни Қытайға ауған кезде мөрлері мен портфельдерін қоржынға салып алып, бөте ел,бөтен жерге өтіп кетеді.

Мұндағы Дәриға деп отырғанымыз -Жүміпбек Аймауытовтың романындағы Ақбілек деген қыз. Ендігі жерде Дәриғамен (Ақбілекпен) аралыс-құралас болған, бұл күндері 85 жастағы (1970 жыл) Сұраубай келіні Дина әженің сөзін оқырман назарына ұсынбақпыз.

Дина әженің айтуынша, Дәриға –Зайсан және Семей қаласында оқыған, көзі ашық адам болған. Қалжыр бойындағы «Қазақстан» (Шегір) ауылында болыс болады. Әуелгі күйеуі жастай қайтыс болыпты. Одан қалған қызы сәби кезінде шетінеген екен. Дәриға кезінде ақтардың солдаттарының да,

қызылдың солдаттарының да, арғы бетке барғанда Қытайдың солдаттарының да формалы әскери киімдерін тігетін шебер, яғни ісмер адам болыпты.

Жүсіпбек Аймауытов бұл өңірге келгенде Терісайрық бойындағы «Көккөз» атанатын рудың азаматы Өтеулі молдаға тиден кезі екен. Дәриға осы жерде болыс болып, Қаратоғайда және Егіндібұлақта мектеп салуына, жолдасы Өтеулінің мешіт ашуына күш көмегін көрсетті. Ел ішінде тігіншілігімен даңқы шығып, өнер мектебіне айналады. Оны іздеп шыққан үлкен-кіші Дәриға демей, «Ақбілекке бара жатырмыз!» деп жүріп, «Көккөз руының» атамекені болып келген Терісайрық өзенінің жағасындағы ұзын қырқа «Ақбілек» атынып кетеді. Күні бүгінге дейін солай аталады.

5. Түйеқұлаған

Жерлес жазушы Асқар Алтайдың «Қыр мен қала хикаяттары» кітабындағы «Қара бура» хикаяты желесі Қалғұты өңірінде баяндалып сол әңгімедегі Түйеқұлағанның Қаратоғай ауылынан шығысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан.

Міне осындай ақын-жазушыларымыздың әңгімелеріне арқау болған өңіріміздің жер-су атаулары, табиғат ескерткіштерін біз өңіріміздің киелі жерлер географиясынан лайықты орын алады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А.Жүнісұлы «Шежірелі тау қойнауы» - Алматы: «Информ-А» 2003- 368 бет
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> Қиын –Керіш
3. А.Алтай «Қыр мен қала хикаялары»- Алматы: «Санат», 1998-192 бет
4. Қазақстан тарихы 6 сынып